

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2271 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 295 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 15 жылдығын мерекелеуге дайындалу және оны өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2271 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2 және 3-тармақтарда «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;
2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 15 жылдығын мерекелеуге дайындалу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамына мыналар енгізілсін:

Айтжанова	- Қазақстан Республикасының Экономикалық
Жанар Сейдахметқызы	даму және сауда министрі;
Жұмағалиев	- Қазақстан Республикасының Байланыс
Асқар Қуанышұлы	және ақпарат министрі;
Дьяченко	- Ақмола облысының әкімі;
Сергей Александрович	

мына:

«Телебаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ғазиз Тұрысбекұлы	және ақпарат вице-министрі, хатшы»
«Құл-Мұхаммед	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Мұхтар Аббарұлы	және ақпарат министрі»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Телебаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ғазиз Тұрысбекұлы	вице-министрі, хатшы»
«Құл-Мұхаммед	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Мұхтар Аббарұлы	министрі»;

көрсетілген құрамнан Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы, Рау Альберт Павлович шығарылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 15 жылдығын мерекелеуге дайындалу және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«1. Ұйымдастыру-дайындалу іс-шаралары» деген бөлімде: реттік нөмірі 4-жолдың 4 және 7-бағандарында «МММ» деген аббревиатура «ММ»

деген аббревиатурамен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 5-жолдың 3, 4 және 7-бағандарында «МAM» деген аббревиатура «MM» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

«2. Ақпараттық-идеологиялық жұмыс» деген бөлімде бүкіл мәтін бойынша «МAM» деген аббревиатура «BAM» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

«3. Астана қаласында 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы күнін мерекелеуді ұйымдастыру және өткізу» деген бөлімде: тақырыбында «30 тамызда» деген сөздер «28 - 30 тамызда» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 15-жолдың 5-бағанында «тамыз» деген сөз «30 тамыз» деген сөздермен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 16-жолда:

4 және 7-бағандарда «МAM» деген аббревиатура «MM» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

5-бағанда «тамыз» деген сөз «28 тамыз» деген сөздермен ауыстырылсын;
«5. Ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» деген бөлімде: реттік нөмірлері 26, 27, 31 және 32-жолдардың 3, 4 және 7-бағандарында «МAM» деген аббревиатура «MM» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 29-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

29.	Қазақстандағы президенттік институт құрылуының 20 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасындағы президенттік институт: тарихы және қазіргі кезеңі» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	Конституциялық Кеңес (келісім бойынша), СІМ, БҒМ, БАМ, Алматы қ. әкімі, ҚазҰУ (келісім бойынша),	2010 жылғы сәуір	116940000	Республикалық бюджет (СІМ-нің 006 «Өкілдік шығындар» бағдарламасы шеңберінде)
-----	--	--	--	------------------	-----------	---

»;

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуында:
«МAM - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі» деген жолдағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«BAM - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
ҚазҰУ - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

